

Уәлиханов аудандық мәслихатының 2017 жылғы 12 сәуірдегі №2-14 с "Солтүстік Қазақстан облысы Уәлиханов ауданында әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың қағидаларын бекіту туралы" шешіміне өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Солтүстік Қазақстан облысы Уәлиханов аудандық мәслихатының 2018 жылғы 26 желтоқсандағы № 6-32 с шешімі. Солтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2019 жылғы 11 қантарда № 5200 болып тіркелді. Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облысы Уәлиханов аудандық мәслихатының 2023 жылғы 15 қарашадағы № 13-10 с шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облысы Уәлиханов аудандық мәслихатының 15.11.2023 № 13-10 с (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қантардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6-бабының 2-3-тармағына сәйкес Уәлиханов аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Уәлиханов аудандық мәслихатының "Солтүстік Қазақстан облысы Уәлиханов ауданында әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың қағидаларын бекіту туралы" 2017 жылғы 12 сәуірдегі №2-14 с шешіміне (2017 жылғы 16 мамырда Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің электрондық түрдегі эталондық бақылау банкінде жарияланған, нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4174 тіркелген,) келесі өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген шешіммен бекітілген, Солтүстік Қазақстан облысы Уәлиханов ауданында әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың Қағидаларында (бұдан әрі-Қағидалар):

Қағиданың 19-тармағы келесі редакцияда баяндалсын:

"19. Әлеуметтік көмек осы қағидаларға 3-қосымшаның 22) тармақшасында көрсетілген негіздеме бойынша кірістер есебінсіз, 5 (бес) айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде ай сайын көрсетіледі.";

қағидалардың 1-қосымшасы осы шешімнің қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда баяндалсын.

2. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

VI шақырыған

ХХХII сессиясының төрағасы

M.Балтабаев

Уәлиханов аудандық
мәслихатының хатшысы

Б. Кәдіров

"КЕЛІСІЛДІ"

Солтүстік Қазақстан облысының әкімі

К. Ақсақалов

2018 жылғы " — "

Уәлиханов аудандық мәслихатының
2018 жылғы 26 желтоқсандағы № 6-32
шешіміне қосымша

Уәлиханов ауданының әлеуметтік
көмек көрсетудің, мөлшерлерін
белгілеудің және мұқтаж
азаматтарының жекелеген
санаттарының тізбесін айқындаудың
қағидаларына 1-қосымша

**Атаулы күндер мен мереке күндеріне алушылар санаттарының тізбесі, сондай-ақ
әлеуметтік көмек көрсетудің еселігі және мөлшері**

p/b №	Атаулы күндердің, мереке күндерінің және әлеуметтік көмек алушылар санаттарының атауы	Әлеуметтік көмек көрсетудің еселігі мен мөлшері
15 ақпан – Ауғанстан аумағынан әскерді шығару күні		
	Бұрынғы Кеңестік Социалистік Республикалар Одағы Үкімет органдарының шешімдеріне сәйкес басқа мемлекеттің ауماқтарындағы ұрыс қимылдарына қатысқан - Совет Армиясының, Әскери-Теңіз флотының, Мемлекеттік қауіпсіздік комитетінің әскери қызметшілері, бұрынғы Кеңестік Социалистік Республикалар Одағы Ішкі істер министрлігінің катардағы және басқарушы құрамының адамдары (әскери мамандар мен кеңесшілерді қоса есептегендеге); жаттығу жиындарына шақырылып, ұрыс қимылдары жүріп жатқан кезде Ауғанстанға жіберілген әскери міндеттілер; ұрыс қимылдары	

1	<p>жүріп жатқан осы елге жүк жеткізу үшін Ауғанстанға жіberілген автомобиль батальондарының әскери қызметшілері; бұрынғы Кеңестік Социалистік Республикалар Одағының аumaғынан Ауғанстанға жауынгерлік тапсырмаларды орындау үшін ұшуладар жасаған ұшу құрамының әскери қызметшілері; Ауғанстандағы кеңес әскери құрамына қызмет көрсеткен жараланған, контузия алған немесе зақымданған, яки ұрыс қимылдарын қамтамасыз етуге қатысқаны үшін бұрынғы Кеңестік Социалистік Республикалар Одағының ордендерімен және медальдерімен наградталған жұмысшылар мен қызметшілер.</p>	<p>Жылына 1 (бір) рет – 15 (он бес) айлық есептік көрсеткіш</p>
2	<p>Бұрынғы Кеңестік Социалистік Республикалар Одағын қорғау кезінде, әскери қызметтің өзге де міндеттерін басқа уақытта орындау кезінде жаралануы, контузия алуы, зақымдануы салдарынан немесе майданда болуына байланысты, сондай-ақ Ауғанстанда немесе ұрыс қимылдары жүргізілген басқа мемлекеттерде әскери міндетін өтеу кезінде ауруға шалдығуы салдарынан мүгедек болған әскери қызметшілер.</p>	<p>Жылына 1 (бір) – 15 (он бес) айлық есептік көрсеткіш</p>
3	<p>Басқа елдерде қимыл жасаған әскер құрамдарына қызмет көрсеткен және ұрыс қимылдарын жүргізу кезінде жаралануы, контузия алуы, зақымдануы салдарынан мүгедек болған тиісті санаттағы жұмысшылар мен қызметшілер.</p>	<p>Жылына 1 (бір) – 15 (он бес) айлық есептік көрсеткіш</p>
4	<p>Ауғанстандағы немесе ұрыс қимылдары жүргізілген басқа мемлекеттердегі ұрыс қимылдары кезеңінде жараланудың, контузия алушын, зақымданудың, немесе ауруға шалдығудың салдарынан қаза тапқан (хабар-ошарсыз кеткен) немесе қайтыс болған әскери қызметшілердің отбасы.</p>	<p>Жылына 1 (бір) – 15 (он бес) айлық есептік көрсеткіш</p>

5	1979 жылдың 1 желтоқсаны мен 1989 жылдың желтоқсаны аралығында Ауғанстанға және ұрыс қимылдары жүріп жатқан басқада мемлекеттерге жұмысқа жиберілген жұмысшылар мен қызметшілер.	Жылына 1 (бір) - 15 (он бес) айлық есептік көрсеткіш
6	Бұрынғы Кеңестік Социалистік Республикалар Одағы Мемлекет қауіпсіздігі комитетінің Ауғанстанда уақытша, болған және совет әскерлерінің шектелген құрамына енбекен жұмысшылар мен қызметшілері.	Жылына 1 (бір) – 15 (он бес) айлық есептік көрсеткіш

8 наурыз – Халықаралық әйелдер күні

1	"Алтын алқамен", "Күміс алқамен", I және II дәрежелі "Ана Даңқыны" ордендерімен марарапталған немесе бұрын "Ардақты анна" атағын алған көп балалы аналар.	Жылына 1 (бір) - 5 (бес) айлық есептік көрсеткіш
---	---	---

26 сәуір – Чернобыль атом электро стансасындағы апатты еске алу күні

1	1986-1987 жылдары Чернобыль атом электр стансасындағы апаттың, сондай-ақ азаматтық немесе әскери мақсаттағы объектілердегі басқа да радиациялық апаттар мен авариялардың зардалтарын жоюға қатысқан, сондай-ақ ядролық сынақтар мен жаттыгуларға тікелей қатысқан адамдар.	Жылына 1 (бір) - 15(он бес) айлық есептік көрсеткіш
2	Чернобыль атом электр стансасындағы апаттың, азаматтық немесе әскери мақсаттағы объектілердегі басқа да радиациялық апаттар мен авариялардың, ядролық қаруды сынаудың салдарынан мүгедек болған адамдар, сондай-ақ ата-анасының бірінің радиациялық сәуле алуы себебінен генетикалық жағынан мүгедек болып қалған олардың балалары.	Жылына 1 (бір) - 15 (он бес) айлық есептік көрсеткіш
3	Чернобыль атом электр стансасындағы апаттың, азаматтық немесе әскери мақсаттағы объектілердегі басқа да радиациялық апаттар мен авариялардың зардалтарын жою кезінде қаза тапқан адамдардың отбасы	Жылына 1 (бір) - 15(он бес) айлық есептік көрсеткіш

4	Чернобыль атом электр стансасындағы апаттың және азаматтық немесе әскери мақсаттағы объектілердегі басқа да радиациялық апартар мен авариялардың, ядролық сынаулардың салдарынан сәуле ауруына шалдығып қайтыс болғандардың, немесе өлімі белгіленген тәртіппен солардың ықпалына байланысты болған мүгедектердің, азаматтардың, сондай-ақ азаматтардың отбасы.	Жылyna 1 (бір) - 15 (он бес) айлық есептік көрсеткіш
5	1988-1989 жылдардағы Чернобыль атом электр стансасындағы апаттың зардалтарын жоюға катысқан, оқшаулау аймағынан Қазақстан Республикасына қоныс аудартқан (өз еркімен көшкен) адамдар қоныс аудартқан күні анасының құрсағындағы балаларды қоса алғанда.	Жылyna 1 (бір) - 15 (он бес) айлық есептік көрсеткіш

7 мамыр – Отанды қорғау күні

1	Бұрынғы Кеңестік Социалистік Республикалар Одағының Қорғаныс министрлігіне, ішкі істер және мемлекеттік қауіпсіздік органдарына әскери міндеттін өтеу жиындарына шақырылған, қоғамға жат көріністерге байланысты төтенше жағдайлар кезінде қоғамдық тәртіпті сақтау жөніндегі тапсырмаларды орындау барысында қаза тапқан (кайтыс болған) әскери қызметшілердің, басшы және катардағы құрам адамдарының отбасы	Жылyna (1) бір рет - 5 (бес) айлық есептік көрсеткіш
2	Бейбіт уақытта әскери қызметтін өткеру кезінде қаза тапқан (қайтыс болған) әскери қызметшілердің отбасы	Жылyna (1) бір рет - 5 (бес) айлық есептік көрсеткіш

9 мамыр – Женіс күні

1	Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектері.	Жылyna 1 (бір) – 100 (жұз) айлық есептік көрсеткіш
	Қорғанысина қатысу майдандағы армия бөлімдерінің әскери қызметшілері үшін белгіленген жеңілдік шарттарымен зейнетакы тағайындау үшін еңбек өткерген жылдарына 1998 жылғы 1 қантарға дейін есептелді	

2	калаларда Ұлы Отан соғысы кезінде қызмет атқарған әскери қызметшілер, сондай-ақ бұрынғы Кеңестік Социалистік Республикалар Одағы ішкі істер және мемлекеттік қауіпсіздік органдарының басшы және қатардағы құрамының адамдары.	Жылyna 1 (бір) - 5 (бес) айлық есептік көрсеткіш
3	Ұлы Отан соғысы кезінде майдандағы армия құрамына кірген әскери бөлімдерде, штабтарда, мекемелерде штаттық қызмет атқарған Совет Армиясының, Әскери-Теңіз Флотының, бұрынғы Кеңестік Социалистік Республикалар Одағының ішкі істер және мемлекеттік қауіпсіздік әскерлері мен органдарының ерікті жалдама құрамаларының адамдары, яки сол кездерде қорғанысына қатысу майдандағы армия бөлімдерінің әскери қызметшілері үшін белгіленген жеңілдік шарттарымен зейнетақы тағайындау үшін еңбек өткерген жылдарына 1998 жылғы 1 кантарға дейін есептеледі қалаларда болған адамдар.	Жылyna 1 (бір) – 5 (бес) айлық есептік көрсеткіш
4	Ұлы Отан соғысы кезінде майдандағы армия мен флоттың құрамына кірген бөлімдердің, штабтар мен мекемелердің құрамында полк баласы (тәрбиеленушісі) және теңізші бала ретінде болғандар.	Жылyna 1 (бір) – 5 (бес) айлық есептік көрсеткіш
5	Екінші дүние жүзілік соғыс жылдарында шетелдердің аумағында фашистік Германия мен оның одактастарына қарсы ұрыс қимылдарына партизан отрядтары, астыртын топтар және басқа да антифашистік құрамалар құрамында қатысқан адамдар.	Жылyna 1 (бір) - 5 (бес) айлық есептік көрсеткіш
	Қатынас жолдары халық комиссариаты, Байланыс халық комиссариаты арнайы құрамаларының, кәсіпшілік және көлік кемелерінің жүзу құрамы мен авиацияның ұшу-көтеру құрамының, бұрынғы Кеңестік Социалистік Республикалар Одағы Балық өнеркәсібі халық	

6	<p>комиссариатының, Теніз және өзен флотының, Солтүстік теніз және жолы Бас басқармасының ұшу-көтеру құрамының Ұлы Отан соғысы кезінде әскери қызметшілер жағдайына көшірілген және ұрыс майдандарының тылдағы шептері, флоттардың оперативтік аймактары шегінде майдандағы армия мен флот мүдделеріне орай міндеттер атқарған қызметкерлері, сондай-ақ Ұлы Отан соғысының бас кезінде басқа мемлекеттердің порттарында тұтқындалған көлік флоты кемелері екипаждарының мүшелері.</p>	<p>Жылyna 1 (бір) – 5 (бес) айлық есептік көрсеткіш</p>
7	<p>Коршаудағы кезеңінде Ленинград қаласының қасіпорындарында, мекемелері мен ұйымдарында жұмыс істеген және "Ленинградты корғаған ұшін" медалімен әрі "Коршаудағы Ленинград тұрғыны" белгісімен наградталған азаматтар .</p>	<p>Жылyna 1 (бір) – 5 (бес) айлық есептік көрсеткіш</p>
8	<p>Екінші дүниежүзілік соғыс кезінде фашистер мен олардың одактастары құрган концлагерлердің, геттолардың және басқа да еріксіз ұстая орындарының жасы кәмелетке толмаған бұрынғы тұтқындары.</p>	<p>Жылyna 1 (бір) - 5 (бес) айлық есептік көрсеткіш</p>
9	<p>Әскери міндеттің орындау кезінде жааралануы, контузия алуы, закымдануы салдарынан, яки майданда болуына немесе ұрыс кимылдары жүргізілген мемлекеттерде әскери міндеттің орындауына байланысты ауруға шалдығуы салдарынан мүгедек болған бұрынғы Кеңестік Социалистік Республикалар Одағының ішкі істер және мемлекеттік қауіпсіздік органдарының органдарының басшы және қатардағы құрамындағы адамдар.</p>	<p>Жылyna бір рет - 5 (бес) айлық есептік көрсеткіш</p>
	<p>1944 жылдың 1 қаңтарынан 1951 жылдың 31 желтоқсанына дейінгі кезеңде Украина Кеңестік Социалистік Республикасы, Беларусь Кеңестік Социалистік Республикасы, Литва Кеңестік</p>	

10	<p>Социалистік Республикасы, Латыш Кеңестік Социалистік Республикасы, Эстон Кеңестік Социалистік Республикасы аумактарында қымыл жасаған халықты қорғаушы истребительдік батальондардың, взводтар мен отрядтардың жауынгерлері мен командалық құрамы қатарында болған, осы батальондарда, взводтарда, отрядтарда қызмет міндегін атқаруға кезінде жаралануы, контузия алуы немесе закымдануы салдарынан мүгедек болған адамдар.</p>	Жылына 1 (бір) - 5 (бес) айлық есептік көрсеткіш
11	<p>Ұлы Отан соғысында каза тапқан, жергілікті әуе қорғанысының объектілерді өзін-өзі қорғау тоptары мен авариялық командаларының жеке құрамы қатарындағы адамдардың отбасы, Ленинград қаласының госпитальдері мен ауруханаларында қаза тапқан қызметкерлердің отбасы.</p>	Жылына 1 (бір) - 5 (бес) айлық есептік көрсеткіш
12	<p>Қайтыс болған соғыс мүгедектерінің және соларға теңестірілген мүгедектердің әйелдері (куйеулері), сондай-ақ қайтыс болған соғысқа қатысушылардың, партизандардың, астыртын курес жүргізген адамдардың, "Ленинградты қорғаганы үшін" медалімен және "Қоршаудағы Ленинград тұрғыны" белгісімен наградталған, жалпы ауруға шалдығудың, еңбек ету кезінде закым алуының нәтижесінде және басқа себептерге (құқыққа қайшы келетіндерінен басқаларына) байланысты мүгедек деп танылған азаматтардың екінші рет некеге түрмәған әйелдері (куйеулері).</p>	Жылына 1 (бір) - 5 (бес) айлық есептік көрсеткіш
13	<p>Ұлы Отан соғысы жылдарында тылдағы қажырлы енбегі және мінсіз әскери қызметі үшін бұрынғы Кеңестік Социалистік Республикалар Одағының ордендерімен және медальдерімен наградталған адамдар.</p>	Жылына 1 (бір) - 5 (бес) айлық есептік көрсеткіш

1	<p>Бұрынғы Кеңестік Социалистік Республикалар Одағы аумағында саяси қуғын-сүргіннен тікелей зардап шеккен және қазіргі кезде Қазақстан Республикасының азаматтары болып табылатын адамдар.</p>	<p>Жылына 1 (бір) - 15 (он бес) айлық есептік көрсеткіш</p>
2	<p>Қазақстан Республикасының қазіргі аумағында өздеріне қуғын-сүргіндер қолданылғанғадейін тұрақты өмір сүрген адамдарына төмендегі жағдайларда табылады:</p> <p>а) бұрынғы Кеңестік Социалистік Республикалар Одағынан тыскара жерлерде қуғын-сүргіндерді кеңес соттары мен басқа да органдардың қолдануы;</p> <p>б) екінші дүниежүзілік соғыс кезеңінде (жай адамдар мен әскери қызметшілерді) тұрақты армия трибуналдарының айыппалуы;</p> <p>в) Қазақстаннан тыскара жерлерде әскери қызмет атқару үшін шақырылғаннан кейін қуғын – сүргіндердің қолдануы;</p> <p>г) қуғын-сүргіндерді орталық органдар: Кеңестік Социалистік Республикалар Одағының Жоғарғы Соты мен оның сот алқаларының, СКРО Айрықша бас саяси Басқарма алқасының, Кеңестік Социалистік Республикалар Одағы Ішкі істер министрлігі жаңындағы айрықша кеңестің, Кеңестік Социалистік Республикалар ішкі істер министрлігі жаңындағы айрықша кеңестің, Кеңестік Социалистік Республикалар Одағы Прокуратурасы мен Кеңестік Социалистік Республикалар Одағы ішкі істер халық комиссариятының Тергеу Истері жөніндегі комиссиясының және басқа органдар шешімдері бойынша қолдануы;</p> <p>д) Қазақстандағы 1986 жылғы 17-18 желтоқсан оқиғаларына қатысқаны үшін, осы оқиғаларда қасақана кісі өлтіргені және милиция қызметкерінің, халық жасақшысының өміріне қастандық</p>	

	жасаған үшін сottалған, өздеріне қатысты қылмыстық істерді қайта караудың қолданылып жүрген тәртібі сақталатын адамдарды қоспағанда, қуғын-сұргіндердің қолданылуы жағдайларында танылады.	Жылyna 1 (бір) - 15 (он бес) айлық есептік көрсеткіш
3	Кеңестік Социалистік Республикалар Одағы мемлекеттік өкіметтің жоғары органдарының құжаттары негізінде Қазақстанға және Қазақстannan күштеу арқылы құқыққа қарсы қоныс аударуға ұшыраған адамдар да танылады.	Жылyna 1 (бір) - 15 (он бес) айлық есептік көрсеткіш
4	Ата-аналармен немесе олардың орнындағы адамдармен бірге бас бостандығынан айыру органдарында, айдауда, жер аударуда немесе арнайы қоныс аударуда болған саяси қуғын-сұргіндер құрбандағының балалары, сондай-ақ қуғын-сұргін кезенде он сегіз жасқа толмаған және оның қолданылуы нәтижесінде ата-анасының қамқорлығынсыз қалған саяси қуғын-сұргіндер құрбандағының балалары танылады	Жылyna 1 (бір) -7 (жеті) айлық есептік көрсеткіш

30 тамыз – Қазақстан Республикасының Конституциясы күні

1	Қазақстан Республикасына сіңірген ерекше еңбегі үшін зейнетақы тағайындалған адамдар, облыстық маңызы бар дербес зейнеткер мэртебесі бар зейнеткерлер, облыстың, (қаланың, ауданның) күрметті азаматтары.	Жылyna 1 (бір) – 10 (он) айлық есептік көрсеткіш
---	---	---